



**БҰЙРЫҚ**

2023 ж. 7. 06

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 208

город Астана

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»  
акционерлік қоғамының жарғысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 177-бабы 2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2023 жылғы 10 ақпандағы № 01-3-09/13998-ХР қорытындысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № КГИП-03-КГ/5362 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) жарғысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қоғамның президентіне Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қоғамның президенті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Министр



Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2023 жылғы 7 06  
№ 208 бұйрығымен бекітілген

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының  
жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 729 бұйрығымен бекітілген «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

12-тармақта:

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) тарихи отанына оралған және қандас мәртебесін алған адамдардың, сондай-ақ қандас мәртебесі ұзартылған адамдардың дербестендірілген дерекқорын қалыптастыру, сүйемелдеу және дамыту;»;

26) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 27), 28), 29), 30) және 31) тармақшалармен толықтырылсын:

«27) қуғын-сүргіннің құрбаны болудан негізделген қорқыныштың салдарынан пана іздеген адамдар мен босқындардың және өз елінің қорғанысын пайдалана алмайтын өзінің азаматтық тиесілілігі бар елден тыс адамдардың дербестендірілген дерекқорын қалыптастыру, сүйемелдеу және дамыту;

28) әлеуметтік қызметтер порталында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар тіркелімін және мамандар тізілімін қалыптастыру;

29) арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушылардың дербестендірілген дерекқорын қалыптастыру, сүйемелдеу және дамыту;

30) тіркелген еңбек шарттары бар жеке тұлғалардың дербестендірілген деректер базасын қалыптастыру, сүйемелдеу және дамыту;

31) әлеуметтік-еңбек саласының деректерін талдау және өңдеу.».

---